



Тұрақтылық және жарқын болашаққа бағытталған таңдау

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның IX отырысында Қызылорда облысының әкімі Н.М.Нәлібаевтың сөйлеген сөзі

Құрметті Эльвира Әбілқасымқызы!
Құрметті комиссия мүшелері!
Бүгінде Қазақстан ауқымды өзгерістің, түбегейлі бетбұрыстың алдында тұр. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басуда.

Президентіміздің қатысуымен Сыр бойында, өңірімізде өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бесінші отырысы тарихи миссиясы айрықша мазмұнға ие алқалы жиын болды.

Құрылтайда еліміздің келешек бағдары айқындалып, қоғамдағы ең өзекті мәселелер ашық талқыланды.

Президентіміз бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы ретінде Конституциялық реформаға қатысты өз ұстанымдарын жеткізді.

Ел тарихындағы маңызды шешімдерді ұсынды.

Конституциялық реформа – еліміздің саяси жаңғыруына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын күшейтуге, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған.

Мемлекеттілігіміздің басты нышаны болып табылатын Конституцияның жаңа жобасын қарау барысында түскен ұсыныстарды, сараптамалық қорытындылар мен мазмұнды бастамаларды терең талдаудан өткізді.

Біз Конституцияның негізгі қағидаларын сақтай отырып, оның өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделу қажеттілігін ескердік. Құқықтық мемлекет, адам құқықтары мен Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделерін қорғау принциптеріне сүйендік.

Ұсынылып отырған тәсілдер мен шешімдер – жүйелі жұмыстың нәтижесі. Қазіргі заманға сай азаматтарға бағытталған Конституция қалыптастыруға деген ұмтылысты білдіреді.

Өңірлер үшін жаңа Конституция жобасының практикалық маңызы зор. Құжатта әкімдіктер күнделікті жұмыс барысында бетпе-бет келетін мәселелер қамтылған.

Бұл – су мен жер ресурстарын тиімді пайдалану, экологиялық жағдай, әлеуметтік қорғау, білім беру, аймақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Конституция жобасы біз үшін, ең алдымен, шешімдер қалай қабылданып, оның жүзеге асырылуына мемлекет қандай жауапкершілік алатынын айқындайды.

Сонымен қатар мемлекеттің егемендігін нығайтуға, азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған



тың тұстарын ерекше атап өту қажет.

Маңызды құжатта әсіресе экологиялық қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән берілген. Қызылорда облысы үшін бұл нормалардың маңызы өте зор.

Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Арал теңізінің тағдыры – ауыр сабақ. Оның салдарын бүгінгі күнге дейін сезініп келеміз.

Мемлекеттің қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндетін, азаматтардың экологиялық қауіпсіздікке қатысты құқығын, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін ақпарат үшін артылатын жауапкершілік туралы нормаларды біз толық әрі саналы түрде қолдаймыз.

Бұл біздің өңір үшін тек жалпылама айтылған ұранды сөз емес, болашақ үшін маңызы айрықша құқықтық келіп болып табылады.

Аймағымыздың табиғатын сақтауға, экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген ауқымды жобаларды

жүзеге асырдық. Алдымызда әлі де атқарылуы тиіс жұмыстар аз емес.

Жаңа Конституция жобасының маңызды бағыттарының бірі – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту.

Бұл құжат адамның құқықтарын қорғауға, өңірлерді қолдауға, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған.

Атап айтқанда, ауылдық аумақтардың дамуына, жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қолжетімді әлеуметтік қызметтерді жүйелі түрде іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді толық орындауға мүмкіндік береді.

Елімізде адами капиталды дамыту үшін білім беруі стратегиялық басымдық ретінде бекітілді.

Біз жастардың болашағына инвестиция салуды, суранысқа ие мамандарды даярлауды, жас азаматтардың өз өлеуетін туған жерінде іске асырып, болашағын туған елмен байланыстыруына жағдай жасауды толық қолдаймыз.

Ата Заңымыздың жаңа жобасы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, жауапкершілікті айқын әрі анық бөлуге бағытталған.

Бұл аймақтар үшін нақты даму бағдарын айқындауға, инфрақұрылымдық, әлеуметтік жобаларды жүйелі түрде іске асыруға, халық алдындағы міндеттемелерді сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасын қолдаймыз.

Себебі, бұл құжат өңірлерді дамытудың шынайы қажеттіліктерін, аймағымыздың экологиялық жағдайы мен тұрақты даму мәселелерін толық қамтиды.

Ең негізгісі, адам мен табиғат және мемлекет мүдделері біртұтас жүйе ретінде қарастырылуында.

Бұл – жауапкершілік, тұрақтылық және жарқын болашаққа бағытталған таңдау!

Назарларыңызға рақмет!

Озат оқушы

Альфияның алар асуы алда

Бір кездері қолына билет ұстап, тағдыры таразыға түскен түлектердің жүрек дүрсілі аудитория үшін көрнесе, бүгінгі емтиханның кейпі басқа. Уақыт алмасып, талап жаңарды. Қазір оқушы қолдорбасын арқалап емес, компьютер алдына отырып, ҰБТ-ны тетік басып-ақ тапсырады. Бір сәтте экранда нәтижесі де жарқ етпек көз алдында. Бірақ өзгергені құрал ғана, өзгермегені – жас жүректегі үміт. Күндіз-түні дайындық, жастыққа бас тимеген түндер бүгінгі түлектерге де таңсық емес. Сол қарбаласқа қаймықпай кіріп, мақсатына нық қадам басқан талапкердің бірі – № 232 орта мектептің түлегі Альфия Балхан. Ол – цифрлы дәуірдің баласы, бірақ бойында бұрынғы түлектерге тән табандылық бар. Уақыт басқа болғанмен, арман бір – біліммен биікке ұмтылу.

Сыр өңірі – сөзге бай, сыраға толы өлке. Бұл аймақтың топырағының өзінде тіп еңеріңіз ғажайып дәм бар. Жыр мен терменің, шешендік өнер мен шежіренің уызына қанып ескен табиғи қазақы болмыс мұнда ешқашан жіңішкеріп көрген емес. Сырдың самалы да сыр шертеді, суының сылдыры да сөзге ұқсайды. Туған өлкенің ғажайып нәрімен суысқан кейіпкеріміз болашағын Қазақ тілі мен әдебиеті пәнімен байланыстырған.

Қаңағатшыл көңілімен «грантқа түсем болды» деп қана армандаған қыздың еңшіне 140 баллдың 136-сы бұйырып, сол бір биік нәтиже өзінен де биік үмітті оятыпты. Бұл – аяқ асты келген олжа емес, уақытпен суарылған табандылықтың жемісі. Өйткені оның бұл бөлеске алып барар жолы тым әрледе, бесінші сыныпта басталған. Алғашқы олимпиадалар, ғылыми жобалардағы тапқыныс болашақтың бұлдыр сұлбасын сол кезде-ақ айқындап бергендей. Уақыт өте келе ҰБТ-дағы таңдау пәнін бірнеше мәрте өзгертіп көргенмен, бала жүрегіне ерте ұялаған әдебиет әлемінен алыстап кете алмады. Сөздің салмағын сезіну, ойды өрнектеу, мағынаны мәйектей білу – оның болмысына айналып үлгерген еді. Сөйтіп арман мен мақсаттың арасында сан толғаныс өткенмен, жүрек қалауы өз жолын тапты.

Онышы сыныпты төмамдағаннан кейін ҰБТ-ға бірден кірістім. Ақылы курсқа қатысты. Онда әр оқушыға арналған нақты жоспар бар, бәрі қадағаланады. Әр емтихандағы жинаған деңгейіміз салыстырылып отырады. Соның арқасында бар зейінім оқуға ауады, – дейді мектеп түлегі.

Екіншісі бірі түн ұйқысын төрт бөліп,



тайсақтамады, «Ана тілі» олимпиадасының республикалық кезеңінде екінші орын иеленді. Ауыл олимпиадасының облыстық белесінде де осал еместігін дәлелдеп, жүлдегер атанды.

Сөз өрнегіне келгенде оның үні тіпті айқын. «Ұлттық Дельфия» ойындарында көркемөз оқу номинациясы бойынша күміс медаль қанжылады. Пікір алаңында да ойын ұтқыр жеткізе білді. «Болашаққа үміт, жастарға сенім» турнирінде облыс жүлдегері атанып, «Дебаттық креатив» номинациясы бойынша алдыңғы саптан бой көрсетті. Білім бәйгесінде де бағы жанды. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасында үшінші орын. «Жарқын болашақ» олимпиадасында бірінші орын. Жетістік көп болған сайын жауапкершілік те артады. Ал озат оқушы сол сенімнің салмағын сезініп, биікке бет алып келеді.

Болашақта Сүлеймен Демирел атындағы университет қабырғасында студент атануды армандайтын Альфия Балхан бүгін педагогика сапасын саналы түрде таңдап отыр. Дегенмен ол болашаққа бір ғана бағытпен қарамайды. «Тағдырыма қарай, магистрлік білім алу кезеңінде басқа мамандыққа да ауысуым мүмкін. Барлығы – уақыттың еңшісінде» дейді ол байыппен. Бұл сөздерінен жас талапкердің өзіне сенгені ғана емес, өзгеріске дайын, ізденістен қашпайтын мінезі қатар байқалды.

Гүлжан Есжан

Ел жаңалықтары

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Атырау облысында болған оқушылар арасындағы буллинг жағдайына қатысты пікір білдірді. Сала министрі бұл мәселе мектеп директорын қызметтен босатумен шешілмейтінін айтады.

Буллинг үшін директорды жұмыстан босату орынсыз



– Балалар арасындағы буллинг, төбелес, әлімжеттік және өзге де осындай келеңсіз нәрселерге басқарушылық тұрғыдан да, құқықтық тұрғыдан да баға берілуі тиіс. Бірақ мұндай жағдайлар болған кезде мектептің директорын босата беру қисынсыз. Оқу жылының ортасында оқушылар арасында осындай жағдай болып, біз директорды қызметтен босата беретін болсақ, онда бізде мектеп директоры шақ келмейді. Сондықтан мұндай үлкен мәселеге жауапкершілікті тек директордан емес, жалпы қоғамнан, оның ішінде мектеп әкімшілігінен, ата-аналардан, педагогтардан, білім беру басқармаларынан және уәкілетті органдардан да талап етуіміз керек. Осылайша проблеманы жүйелі түрде шешуіміз қажет, – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Оқу-ағарту министрі аталған өзекті мәселе бойынша өңірлерде кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтады. Мәселен, министрлік оқушылар, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты мейлінше азайту, сонымен бірге мейлінше буллингтің алдын алу мен жоюға байланысты кешенді, жүйелі шараларды қабылдап келеді.

Жұлдыз Сүлейменова былтыр Жамбыл Қызылорда облыстарына барып, күшті органдармен келелі кеңес өткізгенін айтады.

– Өткен аптада дәл сондай кеңесті менің орынбасарым Түркістан облысында өткізді. Мұның бәрі жалпы Оқу-ағарту министрлігінің алдында булинг мәселесін реттеу бүгінгі таңдағы өзекті мәселе екенін айқындайды, – деді министр.

Айта кетейік, Құластары қаласында А.С.Пушкин атындағы №6 мектепте 10-сынып оқушысы мектепте балтамен өзге оқушыларды қуып, қауіп төндірген болатын. Бұл оқиғадан соң қызметтік тексеру жүргізіліп, оқу орнының басшысына қатаң сөгіс берілді. Ал келесі күні мектеп директоры қызметінен босатылған болатын.

Туберкулез: сырқаттанушылық 10 пайыз төмендеген

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда туберкулез бойынша эпидемиологиялық көрсеткіштер жақсаруда. Нақты айтсақ, туберкулезбен сырқаттанушылық 9,9 пайыз төмендеген. Ал таралу көрсеткіші 12,8 пайыз азайған.



Жалпы аталған дерттен болатын өлім-жітім көрсеткіші де 10 пайыз төмендеп отыр. Емдеу тиімділігі де артқан, яғни дәріге сезімтал туберкулезден жазылу көрсеткіші 90,5 пайызды құрады. Дәріге тәзімді туберкулезден жазылу көрсеткіші 85,3 пайыз жоғарылады. Бұл көрсеткіштер Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының стандарттарынан жоғары. Белсенді туберкулезбен ауыратын науқастар саны 15 пайыз азайған.

Елімізде туберкулездің алдын алу, диагностикалау және емдеу тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кіреді. МСАК ұйымдары деңгейінде туберкулезді ерте диагностикалаудың заманауи әдістері енгізілген. GeneXpert аппараты арқылы жүргізілетін (туберкулезге ПТР) зерттеу нәтижелері 2 сағат ішінде дайын болады.

ДДҰ ұсынымдарына сәйкес, дәріге тәзімді туберкулез түрлерін емдеуде тиімділік жоғары, инъекциясыз қысқамерзімді 12 айдан 6 айға дейін емдеу режимдері қолданылады. Бұл емдеу режимдері қабылдауға ыңғайлы таблетка түрінде ұсынылады.

Туберкулез инфекциясын профилактикалық емдеу үшін 1 айдан 3 айға дейінгі жаңа қысқамерзімді режимдер қолданылады. Бұл байланыста болған адамдар мен қауіпті топтарындағы тұлғалар арасында белсенді туберкулез дамуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын науқастардың 95 пайыздан астамы әлеуметтік қолдаумен қамтылады. Амбулаториялық деңгейде науқастардың 40 пайызы емдеуді бейнебақылау режимінде қабылдайды.

Денсаулық сақтау министрлігі амбулаториялық көмек түрлеріне, науқастарды әлеуметтік қолдауға және елдегі эпидемиологиялық жағдайды одан әрі жақсартуға бағытталған халықаралық стандарттарды қолдануға баса назар аударып, туберкулездің профилактикасын, ерте анықтау және қолжетімді емдеуді дамыту жөніндегі жұмысты әлі де жалғастырмақ.

«ЖЖ» ақпарат

Ауыл тынысы

Аққыр деген бір ел бар...

Кеңес уақытында Қазақстанда тың игеру науқаны жүргені белгілі. Солтүстік өңірлерде мол астық дайындаумен қатар, бұл бастама Сыр жерінде де қолға алынған. Айталық, Қызылқұм қойнауында төрт түліктің басын көбейту жеделдеді. Осы мақсатпен көп шаруашылықтың іргетасы қаланып, біршама ауыл бой түзеді. Соның бірі – қазіргі Жалағаш ауданындағы Аққыр ауылдық округі.

Тарихи деректе Аққыр елді мекені 1963 жылы 15 қарашадағы қаулысымен және облыстық атқару комитетінің сол жылғы 11 желтоқсандағы №2-460 шешімі негізінде құрылған. Дұрысы, 1964 жылы Аққырмен бірге аймақта көптеген жаңа шаруашылықтар ашылды. Оған біраз отбасы көшіп барып, елдегі мал шаруашылығын дамытты.

Уақытында қой басын 50 мыңға жеткізген ауыл Өзбекстанмен шекаралас жатыр. Қазір 180 түтін тіршілік етеді. Мыңнан астам тұрғынның бар несібесі – алдындағы қарасы, яғни атадан келе жатқан кәсіп, мал шаруашылығымен байланысты. Ауыл әкімі Бауыржан Шынжыровпен тілдескенімізде мемлекеттік бағдарламамен осы бағытта кәсіпін деңгеленткендер жөтелік.

Ауыл экономикасының негізі мал шаруашылығында. Өз бетінше түйеден басқа түлікті өсіріп, көбейтуге күш салып жатқан ауылдастарым баршылық. Сондай-ақ бір азамат «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ арқылы жылқы өсіруге 4,8 млн теңге несиесі алды. Бұдан бөлек «Сайлау», «ЕрСул-БиБек» және «Манас» сияқты шаруа қожалықтарымыз бар. Ауылдық округте «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік жобасымен 4 тұрғын қайтарымсыз грант ұтты, қазір жұмысын жүргізіп отыр. Биыл да «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша екі жобаны қаржыландыруға ұсындық. Ал жалпы Аққырда өз-өзін жұмыспен қамтып, кәсіпкерлікке ұмтылғандардың саны 95-ке жетті, – дейді ауыл әкімі.

Бір кездері Аққырда халық саны көп болғанын аңдаймыз. Өйткені осында 1985 жылы 464 орындық мектеп салынған, өзі үш қабатты. Ауылдағы алтын ұяға 2020 жылы күрделі жөндеу жүріпті. Қазір мұнда 161 оқушы білім алуда.

Айтпақшы, былтыр мектеп бітірген 10 оқушы ҰБТ сынағына қатысып, тегін оқу грантын ұтыпты. Сонымен қатар ел ішінде «Мейірман», «Алтын ұя» балабақшалары жұмыс істейді.

Халыққа қажетті әлеуметтік нысанның барлығы бар. Ел болған соң



дімкестік болмай тұрмайды ғой. Оларға 5 төсектік күндізгі стационарлық бөлім қызмет көрсетеді. 2014 жылы жаңадан дегігерлік емхана салынып, пайдалануға берілді. Жедел жәрдем көлігі де бар. Ал 50 орындық клубымызда «Ару ана» әжелер ансамблімен бірге «Қуыршақ», «Ән», «Домбыра», «Ұрмалы аспаптар» және «Қолөнер» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірме мүшелері көбісі аудан мен аймақта өтетін түрлі байқау мен сайыста топ жарып жүр, – дейді Бауыржан Шынжыров.

Оның айтуынша, «Қазақстан халқына» қоры бөлген 175 млн теңгеге ауыл ішінен ангар типтес спорт кешені салынған. Ал екі жыл бұрын облыстық «Үлгілі елді мекен» конкурсының нәтижесімен Аққыр ауылын абаттандыруға 15 млн теңге беріліпті. Аталған қаржы спорттық жаттығу алаңын салуға жұмсалған.

Біздің ауыл көшелерінің саны алтау болса, жалпы ұзындығы 5,5 шақырымнан асады. Үш жыл бұрын Аққырдың 5 көшесін күрделі жөндеуге жоба-сметалық құжатын әзірлеуге 3,5 млн теңге бөлінді. Былтыр екі көшеге қаржы бөлініп, асфальт төселді. Биыл күн жылып, жер қарайған соң қалған үш көшені күрделі жөндеуден өткіземіз. Екіншіден, ауылдағы аяқсу мәселесін шешуді қолға аламыз. Бұл түпкілікті шешілсе, ауыл тұрғындары мал бауымен қатар, бақша өгуге де ұмтылатыны анық, – дейді ауыл әкімі.

Ауылдағы ардагерлер кеңесінің тө-

рағасы Нұрпейіс ақсақал да аяқсу жайын айтып қалды. Бір кездері балығы мол болған «Майлыөзек» каналының сағасы кепкелі жұрт бақша өсіріп, егін еккен емес.

Аққыр – руға бөлінбеген, бірлігі мол берекелі ауыл. Бұл дәстүрден қазір де жаңылғанмыз жоқ. Шалғайда орналасқан ауылға мемлекет, облыс, аудан тарапынан көңіл бөлініп, атқарылып жатқан игі жұмыстар баршылық. Көшелер асфальтталды, таза ауызсу келді, былтыр спорттық алаң мен кешен салынды. Мұндай жұмыстарға ауыл халқы риза. Айтар мәселеміз – аяқсу. Ауылдың осыдан таршылық көріп отырған жайы бар. Ұмытпасам, 2016 жылдан бері Жаңадариядан келетін су көлемі тоқтап, ауыл территориясынан ағып өтетін «Майлыөзек» арнасы бұрын-соңды болмаған деңгейге түсті, көп жерден бөлініп, қазір кеуіп те қалды. Ылғал түспеген соң әрі су болмаған жерден аң-құс та азаяды. Одан кейін қолдағы мал арасында да түсініксіз түрлі дерт байқалып жүр. Ал бізге су келмеуінің басты себебі – аяқсудың барлығы күріш егетін ауылдарға кетуінде, – дейді Нұрпейіс Болтаев.

Жоғарыда айтқанымыздай, Аққыр халқы осы себеппен 10 жылдан бері атыз шауып, кетпен көтермеген. Оның үстіне ауыл ішінің көркін ашатын тал-теректер мен саябақтар, әр үйдің ауласындағы жеміс ағаштары құрап, қуаңшылық зардабы білініп отыр.

Ауылда мал өсірмейтін не егін епейтін халықты ештеңе ұстап тұра алмайды. Бәрінен бұрын елді мекеннен көшіп кете ме деген уайым бар. Өзім де ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Біз де қарап отырған жоқпыз, жоғары құзырлы мекемелерге айтып та, жазып та жатырмыз. Былтыр қолдан келгенше «Оңтүстік коллектор» арнасынан келетін каналдың сағасын қазу жұмыстарын жүргіздік, бірақ су деңгейі төмен болды. Бәрібір елді мекенге аяқсу келмеді. Сондықтан канал сағасына ауылдан электр желісін тартып, су айдатын мотор орнату қажет. Сол кезде толықтай су келіп, ауыл халқы егінін егеді. Аққырлықтар осы мәселе шешімін табады деген әлі де үміт күтіп отыр, – деп сөзін түйіндеді ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қош, шалғайдағы ауылдың жай-күйін сараптап өттік. Шүкіршілігі мол осындағы ағайын Президент пен облыс һәм аудан басшылығының қолдауын сезініп-ақ отыр. Ризашылығын да айтады. «Бейбіт күннің бақыты бұзылмаса» дейтін ауыл жұрты елге тартылған инфрақұрылым игілігін пайдаланып отыр десек әбден болар. Тек, мақала соңындағы аяқсу мәселесі жіті байыпталса деген тілек бар. Мемлекет басшысы айтқандай, шекараға жақын ауылдардың ахуалын көтеру билік үстіндегілердің назарында болуы тиіс.

Ержан ҚОЖАС

Ауданда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын ақпараттық-түсіндіру жөніндегі штаб төрағасы Ғани Сүлейменов денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесті. Кездесуді аудандық аурухана бас дәрігерінің пациентті қолдау және ішкі аудит жөніндегі орынбасары М.Құрманбаев ашып, Конституцияның мемлекет пен қоғам дамуының іргетасы екеніне назар аударды.

Конституциялық реформа — мемлекет дамуының негізі



Басқосуда Ата Заң ең алдымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын, елдің жаңа даму кезеңіне қадам басыуын айшықтайтын маңызды тарихи құжат екені айтылды. Штаб төрағасы Ғани Сүлейменов ұсынылып отырған өзгерістердің қоғам өміріндегі маңызын кеңінен түсіндіріп, әсіресе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, әлеуметтік сапаларды, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған нормаларға ерекше тоқталды.

Жыныда аудандық аурухананың ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Маханбетова Ата Заңның жаңа жобасында елдің болашағына бағытталған маңызды әрі өзекті бастамалар қамтылғанын айтып, ұсынылып отырған өзгерістерді қолдайтынын жеткізді. Кездесу соңында денсаулық сақтау саласы қызметкерлері тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылды. Сондай-ақ штаб төрағасы жаңа Конституция жобасы халықтың мүддесін көздейтін, әділетті және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

«ЖЖ» ақпарат

Брифинг

Адам папиллома вирусы 200-ге жуық түрді қамтитын тұқымдас вирустарға жатады. Кейбіреуі адам денсаулығына салыстырмалы түрде қауіпсіз, басқалары онкологиялық процестің дамуын белсендіреді. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

АПВ: алдын алу үшін қайтпек керек?



АПВ – сыртқы жыныс мүшелерінің аурулары арасында ең көп таралған және агрессивті патология. Вирус көмей мен ауыз қуысының, тік ішектің, вульваның және қынаптың, жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуын қоздырады. АПВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы симптомсыз болып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Осы ретте ауданның бас санитары АПВ жұқтырған кезде пайда болатын ауруларды да атап өтті.

Жыныс сүйелдерінің пайда болуы, тыныс алу жолдарының папилломатозының дамуы, ісік процесінің дамуымен жыныс мүшелерінің зақымдануы АПВ жұқтырған кезде пайда болады. Көптеген адам аурудың клиникалық көрінісін патогенді тасымалдаушы бола алады. АПВ-ны адам өмірінде қайталап жұқтыруы да мүмкін. Өйткені АПВ инфекциясынан айыққандардың барлығында вирусқа төзімділік қалыптаса бермейді. Көбінесе аурудың клиникалық белгілері ерте кезеңдерінде пайда болмайды, – деді ол.

Спикер әдетте алғашқы белгілері қоздыратын факторлардың әрекетінен кейін пайда болатынын айтады. Тіпті ол АПВ-ның тұрмыстық байланыс, жыныстық қатынас және вертикальді жолмен берілетінін жасырмады. Жұқтырған кезде вирус эпителий жасушаларына еніп, бөліну процесін бұзумен әртүрлі аурулардың дамуын белсендіреді. Папилломовирустың инфекция ұзақ уақыт бойы клиникалық көріністер болмауы мүмкін.

Аурудың инкубациялық кезеңі бірнеше жылға созылып, оның барысында науқас вирустың әртүрлі түрлерін жұқтыруы мүмкін. Тек қоздырушы факторлардың әсерінен, яғни иммун тапшылығы, гипотермия, стресстік жағдайларда АПВ инфекциясының белгілерін байқауға болады. Көп жағдайда 1-2 жыл ішінде бұл инфекциядан өздігінен жазылу мүмкін, бірақ кейбір науқастарда патология созылмалы түрге ауысады.

Брифингте Гүлзираш Айымбетова АПВ-ның алдын алу шараларына кеңінен тоқталды. Сондай-ақ ол дерттің алдын алудың ең тиімді жолы вакцинация екенін ерекше атап өтті.

Жыныстық қатынаста тек бір жыныстық серіктес болғаны дұрыс. Бұл әдіс жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялардан, оның ішінде АПВ-дан қорғауға мүмкіндік береді. Тосқауыл контрацепциясын қолдану жеңіл қолжетімді, бірақ ерқашан инфекциядан 100 пайыз қорғай бермейді. Науқас тіпті зақымдалған теріге тиген кезде де вирус жұқтыруы мүмкін. Мерзімді профилактикалық тексерулерге келсек, қыздар гинекологиялық тексеруден тұрақты түрде өтуі керек. Осылай аурудың алғашқы белгілерін анықтап, оны емдеуді уақтылы бастауға болады. Вакцинация – тиімді және ыңғайлы профилактикалық әдіс. Вакцинация ерлерге де, әйелдерге де жасалуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90 пайыздан астамға төмендетеді. Қазақстанда 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап 11, 12, 13 жастағы қыздар АПВ-ға қарсы егілуде, – деді спикер.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кәсіпкер хореограф

Кәсіп деген сөз құлаққа тисе, көптің көз алдына әуелі сауда келері рас. Ал заман басқа арнаға бұрылып, нарық та, ниет те шеберлікке ойысқан уақытта осы бір озық ырғақты дәл танығандар кәсіптің қаржыға айналып жүр. Сол жастардың алдыңғы легінде Махаббат Жалғасова бар.

Жас кәсіп иесінің негізгі мамандығы – организатор-хореограф. Бала күні қызығушылығы уақыт өте келе берік хоббиге, кейін нақты өмірлік мақсатқа айналды. Оқушы кезінен бастап ол Үміт Айтқұлова алайдан тапқан адал. Сахна мәдениеті, қимылдың мәні, бидің әліппесі, бәрі де сол жылдары сана-сына сіңді. «Бұл кісі мен үшін тек ұстаз емес, үлкен өмірлік үлгі болды» дейді ол. Бүгінде сол үйренгенін жас өрендерге үйретіп, олардың өнерге деген қызығушылығын оятып жүргеніне ол қуанады.

2020 жылы кейіпкеріміз Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжде оқуға түсіп, өнер жолын саналы түрде таңдады. Дипломын қолына алған жас маман кідіріп қалмады. Қызу тіршіліктің бел ортасына батып кірді. Ұстаздан шәкіртке жалғасқан өнердің, талпыныстан туған табандылықтың айқын көрінісі деп түйген кезінде от, бойында сенім бар. Сол алға ұмтылған адым алты ай бұрын нақты іске айналды. Арман мен еңбектің тобысқан тұсында «Hanshalym» би студиясы есігін өз келушілеріне айқара ашты. Бүгінде бұл өнер ордасында 30 шәкірт бар. Алдағы меже айқын – топтағы жас бишілер санын санын жақын уақытта арттырып, 50 балаға дейін жеткізу.

Оқушылармен жұмыс барысы бір сарынды емес, керісінше қызыққа, күл-



кіге, шынайы эмоцияға бай. Балалар кішкентай болғандықтан, сабақты тек қимылмен емес, ойын элементтерімен де ұштастырып өткіземін. Бір сәт би, бір сәт жаттығу, енді бірде ойын. Осындай үйлесім балаларды жалықтырмай, өнерге баулиды, – дейді хореограф-педагог. Студиядағы сабақтар да бір ғана бағытпен шектелмейді. Негізінен сабақ барысында көркем гимнастика элементтері қосылып, классикалық би сабақтары жүйелі түрде өтеді. Ал жарыс алаңына шыққанда талап та, бағыт та өзгереді. Мұнда оқушының жас ерекшелігі ескеріле отырып, джаз бағытына басымдық беріледі. Алдағы уақытта репертуардың ауқымы кеңеймек, яғни халық билерін қосу жоспарда бар.

Студияның тағы бір ерекшелігі, мұнда тек балаларға ғана емес, үлкендерге де өнер есігі ашық. Уақыт талабын деп таныған хореограф үлкендерге арналған арнайы топ құрды. Қазіргі таңда әйелдерге бағытталған зумба сабағы



Жас кәсіпкер хореограф

Жан «Аққу» биімен бас жүлде иеленді. Халықаралық балалар мен жасөспірімдер мен жастарға арналған «Әр бала – жүлдыз» атты XIV өнер байқауында «Hanshalym» би студиясы гран-приге қол жеткізді. Тұсауы енді кесіліп, бірден беделді байқаулардан жарыс жолындағы қадамын бастаған ұжымның жетістігі мұнымен толастамаған. Республикалық «Би Fest – 2025» XVI би байқауында тағы бір мәрте бас жүлдемен олжалы оралды.

Кейіпкеріміздің өнерге алып барар жолы тек бидің әсем қимылынан басталмаған. Мектеп қабырғасында жүргенде ол жеңіл атлетикаға ден қойып, облыстық, республикалық жарыстарда тер төкті. Жан-жақтылық деген осы болар, бірнеше жыл бұрын «Сыр Аруы» облыстық арулар байқауында бас жүлдемен оралып, «Қазақ Аруы» байқауына да жолдама алып үлгерген еді.

Би додаларына алыс аймақтарға жол түскен сәттерде жас кәсіпкер ерекше жылылықты сезінетінін айтады. Сахна сыртындағы сол көріністер нағыз адамдықтың айнасы секілді. Шәкірттерінің ата-аналары бір-бірінен бөлінбей, бір отбасының мүшесіндей қимылдайды, бірі киіндіреді, бірі шашын түзейді, енді бірі жанашырлықпен демеп тұрады. Сол сәттерде ол би студиясының жай ғана үйірме емес, шағын ғана бір әлем екенін анық аңғарады.

Мұнда өнермен қатар тәрбие бар, талаппен қатар мейірім бар. Ғабит Мүсірепов айтқандай, өнер адамды биіктетеді. Сол биіктікке бастар жол қазақ биінен де өтеді. Өйткені бұл өнерде ұрпақ пен ұлтты жалғаған алтын көпір бар. Сол көпір үзілмесе, рух та жаңғырады, дәстүр де жалғаса береді.

Гүлжан ЕСЖАН

Әлихан Бөкейханов — 160 жыл

Жұрт шырақшысы

Ғұмырын ұлт ісіне арнаған қайраткер

Халқына қалтқысыз қызмет етудің, ұлтын шексіз сүюдің тамаша үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінің мұрасын жан-жақты зерттеу, Алаш аманатына адал болу — қазақтың өткен тарихын түгендеу үшін ғана емес, негізінен, елдің кемел болашағы үшін керек игілікті іс. Мемлекет мерейін өсіретін, ұлт рухын көтеретін, елдік мұратқа ақырына дейін адал болатын қайсар рухты ұрпақ өсіреміз десек, оларға Алаш өнегесінен артық тәлім көзін, тәрбие мектебін табу қиын. Сондықтан Алаш мұрасын зерттеп қана қоймай, олардың еңбегін елге кең таратып, жұрты үшін жанын пидә еткен асыл азаматтардың арман-аңсары мен мақсат-мұратын терең түсініп, ісін жалғастыратын ұл-қыз өсіру — аса маңызды міндет.

Жұрт жоқшысы

Бізде көрнекті ақын-жазушылардың тілін немесе орыс тілінен аударылған шығармаларды тілдік және әдеби тұрғыдан зерттеуге арналған еңбек аз емес. Ал аса көрнекті мемлекет қайраткерлерінің тілін, саяси дискурсын зерттеуге арналған еңбек, дискурстық талдау өте аз, жоқтың қасы десек болады. Бұл бағыттағы зерттеулер кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады. Ондай көрнекті саясаткерлер туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, ойға оралатын тұлғаның бірі де бірегейі — Әлихан Бөкейхан.

Алаш ардақтысының мұрасын тілдік тұрғыдан, саяси дискурс аясында қарастыру арқылы да оның саясаткерлік болмысын, кісілік көлбетін тереңірек танып, тұлғалық қасиетін аша түсуге болады. Тұлғатануда тілдің алатын орны айрықша. Ауыздан шыққан, хатқа түскен ер сөзінен, сөйлемінен адамның ой-өресі, білім-парасаты, мәдени деңгейі, таным-түсініктері, саяси көзқарасы мен ұстанымы көрінеді. «Сөзің — өзің» деген сөзді үлкен шындық бар. Адамның сөзінен өзін тауна болады. Ұлы Абай мұны «Сөзіңе қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деп тап басып түіндеді. Бұл тұрғыдан қарағанда, Әлихан — сөзіне қарап үлгі алатын, сөйлеген сөзіне сай-кес атқарған қыруар ісіне берік, тұғыры биік, табанды тарихи тұлға. Сол себепті оның бар мұрасын тілдік тұрғыдан мұқият зерттеп, ер еңбегіне терең талдау жасап, ер сөзіне мән беру маңызды.

Әлихан Бөкейхан шығармаларындағы айрықша мән беруді қажет ететін сөздің бірі — «жұрт» сөзі. Алаш білімпазының еңбектерінде «жұрт» сөзі қазіргі тілде актив саналатын «ұлт, халық» сөздеріне қарағанда әлдеқайда жиі қолданылады. Сонымен бірге «жұрт» сөзінен ербіген туынды сөздер де ұшырасады. Қыр баласы өсіресе «ұлт» сөзін сирек пайдаланды. Оның кейбір мақаласында ұлт ісі, ұлт мұқтаждығы, ұлт намысы, ұлт пайдасы сияқты тіркестер кездеседі. Бірақ олардың үлесі «жұрт» сөзінің қатысуы арқылы жасалған тіркестерден көп төмен.

Әлихан Бөкейхан — өз ұлтына, қара орман халқына қалтқысыз қызмет етуді өмірінің мәні, азаматтық парызы санаған аса көрнекті ұлт қайраткері. Жұрт ісін алға сүйреп, Алашқа адал қызмет ету оның өмірлік ұстанымы болды. Алашының азаттығы үшін алысқан арыстың басқан ізін аңдып, ел ішіне жібермей, ұймаққақта ұстаған қанды қол қызыл көсем И.Сталин мен оны тандаған жолынан тайдыра алмаған отаршыл жүйе жеңдеттерінің оғы ер көудесін тесіп өтіп, «жұртым» деп соққан жүрегін тоқтатқан сәтке дейін қайсар қайраткер осы ұстанымынан, алған бетінен айнымады. Соңғы демі таусылғанша күресіп, саналы ғұмырын ұлт ісіне сарп етті. Өзі ғана күресіп қоймай, ұлт ісін ұйысып, жұрт ісін жұмыла атқарғанда ғана нәтиже болатынын терең пайымдаған саяси көшбасшы төңірегіне Алаш оқығандарын топтастыра білді. Оларды да ұлт мүддесіне, ұлт ісіне қызмет етуге жұмылдырып, жол көрсетіп, жөн сілтеді. Ұлт ісі сынды көмелдік пен аса зор жауапкершілікті қажет ететін ізгі бастан жүкті арқалап, бүкіл ел тағдырына қатысты шешім қабылдау міндетін өз мойнына алып, сол жолдағы саяси күреске жетекшілік жасауға бел буды. Жауапкершілікті алып, белін бекем бұғанан кейін бір табан да көріл шегінбеді. «Не бел кетеді, не белбеу кетеді» деген ұстанымынан таймаған күрескер тұлға Алашының азаттығы жолында ақырына дейін бел шешпей күресіп өтті.

«Алла Тағала Құран Кәрімде «пайдалы орынға өздеріңнің сүйген нәрселерің мен малыңды шығармай тұрып, ізгілік, жақсылық деген нәрсеге жетісе алмайсыңдар» деп бүтін адам баласын шын көңілмен ұлт ісіне қызмет етуге қызықтырады. Егер ұлт ісінің көреп болмаса, ол ұлт ісіне мұндай уәжіп нәп зекет сияқты сатдақаларды ең сүйген малыңнан беріңдер деп қызықтырмас еді» (Әлихан. «Рамазан айы жақындаған тақырыпты». «Қазақ», 1916) деп жазды қайраткер.

Осы екі-ақ сөйлемнен тұратын үзіндіде ол «ұлт ісі» деген тіркесті ұш рет қолданады. Құран Кәрімді алға тарта отырып, ұлт ісінің маңызын түсіндіреді. «Қазақ» газетіне жарияланған тағы бір мақаласында ол былай деп жазады: «Халық ісі орнына салуға көп ақыл көп қызмет, көп жылға шебер істеген әдіс керек. Піршілік-ғұмыр белгісі — алыс-тартыс, ар-бау, әдіс. Кім шебер болса, жалықпай, талмай ізденсе, бірігіп тізе қосып, әдіс қылса, ғұмыр бәйгесі сенікі» (Қыр баласы. «Қазақ», №44, 1913).

Бұл мақаласы мен өзге еңбектерінде «халық», «ұлт» сөздері қолданылғанымен, жалпы шығармашылығында Қыр баласы «жұрт» сөзіне қарағанда оларды сиректеу пайдаланады. Мақалада қайраткер елге қызмет етудің қиындығы мен қыр-сырын айта отырып, жұртты бірікке, әдег қызмет етуге шақырады. Бүгінге дейін тұлғаны өз халқынан бұл пікірінен оны айтқан тұлғаны аз жоймаған бұл қамын шын ойлаған үлкен саясаткер екенін анық көруге болады. Айтса айтқандай-ақ, ол өзінің ұшан-теңіз энциклопедиялық білімі мен саяси күрестегі мол тәжірибесін өмірінің ақырына дейін жұртына, халқына арнады.

Сонымен Қыр баласының мақалаларында «жұрт» сөзі мен осы сөз тірек болған «жұрт ісі», «жұрт жұмысы» сияқты тіркестер жиі кездеседі. «Жұрт» сөзі Әлихан Бөкейхан еңбектерінде «халық», «ұлт» кейде «ел», «мемлекет» мағыналарында өте жиі қолданылады. Білімпаз өмірінің ер кезеңінде жазған кітаптары мен мақалаларынан «Бұл жұрт ісі болар деген зор үміт осы күн!» (Б-т. 172-б.). «Бұл жұрт жұмысын, жұрт болып іздемейтін бе еді?» (З-т. 494-б.) деген сияқты мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Ұлт



көсемінің соңына қалдырған мол мұрасын зерделеу барысында «жұрт» сөзінің қатысуымен жасалған жұрт адамы, жұрт азаматы, жұрт ақысы, жұрт басшысы, жұрт бірлігі, жұрт жақсысы, жұрт жалшысы, жұрт жанашыры, жұрт жұмысы, жұрт жігіті, жұрт керегі, жұрт көзі, жұрт көңілі, жұрт көші, жұрт кісісі, жұрт қамы, жұрт құрылтайы, жұрт қызметі, жұрт қызметшісі, жұрт мақсаты, жұрт мінезі, жұрт пайдасы, жұрт правосы, жұрт пікірі, жұрт рәсімі, жұрт саны, жұрт сөзі, жұрт тілегі, жұрт ісі, жұрт шырақшысы сияқты тіркестер қолданғаны анықталды.

Қыр баласының еңбектерінде бұлардан өзге де жұрт болу, жұрт ұстау, жұрттығын сақтау, жұрттығымыздан айырылмау, бауыр жұрт, бұратана жұрт, бөтен жұрт, жалпы жұрт, жат жұрт, жергілікті жұрт, жетім жұрт, көрнеу жұрт, күшті жұрт, мәдени жұрт, мылқау жұрт, надан жұрт, қаптама жұрт, оқымаған жұрт, өзге жұрт, тағы жұрт, қазақ жұрты, орыс жұрты, грек жұрты, әділдік жоқ жұрт, орыс қолындағы жұрт, рәсімі жоқ жұрт, біздің жұрт, жұрттың сөзі, жұрттың берекесі, жұрттың момыны, жұрттың қараңғылығы, жұртқа беделді, жұртқа пайдалы сияқты түрлі қолданыстар, өсімді, етістікті сөз тіркестері де жиі қолданылады.

Бұл ешқандай кездейсоқтық емес. Адам нәні сүйсе, не үшін күйсе, қандай іске жүк-жігерін жұмсап, уақытын неге көп арнаса, сол туралы айтады, жазады. Сол мәселе оны толғандырады. Әлиханды ойlandырған да, толғандырып да қазақтың қамы, аңсағаны — Алашының азаттығы. Сондықтан жатса да, тұрса да, көздегені жұрт мүддесі болған жанын ойына «жұрт» сөзі орала беруі, қаламының ұшына «жұрт» сөзінің іліге беруі — табиғи нәрсе.

Әлихан Бөкейхан тілінде «жұрт» сөзі — ең белсенді жұмсалатын, тіркесімдік қабілеті жоғары, сөз туғызуда да өнімділік танытқан сөз. Жоғарыда көрсетілген сөз тіркестерінен бөлек шығармаларында «жұрт» сөзінен туындаған жұртшыл жұрттық, жұртшылық сияқты сөздер де кездесіп отырады. Бұл деректер «жұрт» сөзін қалам иесінің тілдік, стилдік, сөз қолдану ерекшелігін тануға септігін тигізуген бірге, саясаткер дискурсының сырына тереңірек үңілуге де мүмкіндік беретін ол түзген мәтіндегі тірек сөздердің бірі деп тануға негіз болады.

Ө.Бөкейхан 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Хасейін Халами паша» туралы мақаласында «Жұрт үшін қиядағы қиынды алған, жұртқа қызметі май болған Халамидің ғұмыры бақытты жігіт ғұмыры ғой! Жүйрік, қыран күшін қиянға салса, жұрт баласын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!» деп жазады.

Осы жазғанынан оның азаматтық ұстанымы, басты құндылықтары, нені бақыт деп танытыны көрінеді. Түрік перзенті Халамиді қазақ азаматтарына үлгі етіп отырған қазақтың Әлиханы да халқы үшін күшін қиянға салған, қиынды алған жұрт мақсатын орындауға нағыз бақыт деп білген қас қайраткер.

Абай XIX ғасырдың екінші жартысында «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсің» десе, XX ғасыр басында Әлихан да «Жұртым, бұл істі қулағыңа тақ!» («Петроград хаты») деп жұртына жүгінді, «жұрт» сөзін қолданып, жұрт қамы, жұрт мақсаты, жұрт ісі... деп сөз өрбітті. Бұл ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдеби тіл қалпынан хабар беріп, сөзқолданыс сабақтастығын көрсетумен қатар, жұрты үшін жаны күйген аса көрнекті ұлт тұлғаларының мақсат-мүдде ортақтығын да айғақтайды.

«Жұрт» сөзі мен онымен тіркесе жасалған сөз қолданыстары Әлихан Бөкейхандағы үзеңгілестерінен де ұшырасады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Бірлік қып іс етуге шорқақ, жұртым!» Табылса оңай олжа ортақ, жұртым» деп басталатын «Жұртыма» дейтін өлеңі бар екені белгілі. «Бірақ олар қанша қымбат болғанмен, одан да гөрі батырға қымбат нәрсе — жұрт қамы, жұрт ісі. Ол жұрт ісі өлгілердің бәрінен қымбат екенін, оның бәрін жұрт үшін құрбан қылатынын, қатта басын да соған құрбанға байлап, жауға аттанып бара жатқанын білдіру үшін қарындасына Қобыланды былай жауап қайырады» (А.Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш»). «Егер де оқу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме?» (А.Байтұрсынұлы. «Орысша оқушылар») деп жазады.

Бұл мысалдар — Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде де Қыр баласы қолданған жұрт қамы, жұрт ісі, жұрт жұмысы, жұрт жұмысшысы тіркестері кездесетінінің дәлелі. Бұл деректер де қазіргі әдеби тілдегі араб тілінен енген халық сөзіне қарағанда XX ғасыр басында «жұрт» сөзі кең мағынада ер жиі қолданылғанын айғақтай түседі. Тілдің дамуы барысында ұлт, халық сөздерінің мағына ауқымы кеңейіп, керісінше жұрт сөзінің мағынасы тарылып, қолданыс аясы едәуір шектеле түскен. Ал сол дәуірде жұрт сөзінің жаңа

мағынасының өзі кеңірек қолданылғанға ұқсайды, неге десек, жұрт атауының «ел, халық» деген мағынасының өзі — кейін пайда болған туынды сема. Ол о баста «көшіп кеткен елдің, ауылдың, үйдің орны, қонысы» дегенді ғана білдірген. «Көлігі жоқ жұртта қалады, сабасы жоқ сыртта қалады». «Көшермен елге жұрт жаман, көтермен қызға үй жаман» мақал-мәтелдері мен «Жұртта қалған жұрғын», «Жұртта қалды», «Жұртта қалғыр» тұрақты тіркестерінде көне семантикасы аңғарылады.

Көне Түрік жазба ескерткіштеріне жүгінер болсақ, онда да оның «қоныс» мағынасында қолданылғанын көруге болады, мәселен, Күлтегін ескерткішінде йұрт сөзі «қоныс, тұрақтайтын орын, жұрт, ауыл» деп тіркелген. Орыс тіліндегі орта атауы да осы жұрт сөзінің көне мағынасынан ауысқан.

Жұрттың ел мағынасында жәдит көзөңі көздің қорында жиі кездескенін, оның түрік ұлтшылдары тарапынан түрік тектес халқың деген мағынада қолданылғанын көруге болады, жәдитшілер сол уақытта «Түрік жұрты (Türk yurdu)» атауымен газет-журнал шығарып, Түркияда сол журнал әлі күнге дейін шығып тұрады (1911 жылдан бері).

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың да жұрт сөзін жиі қолданғанын жоғарыда айттық. Соған тағы бірер мысал келтірейік...

Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол. Олардың жоқ ойында малға бақпақ, Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ. Қолдан келе бере ме жұрт менгермек, Адалдық арамдықты кім төңгермек.

Барымта мен партия, Бәрі мысал, жұрт құмар. Сыртқы елірме, сұрқия, Көп пияншік нәкі ұғар?

Қартайды, қайғы ойладық, ұлғайды армаң. Шошимын кейіңгі жаз балалардан. Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, Тел-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Жұрт жұмысына жегіліп, бүкіл саналы ғұмырын жұрт ісіне арнаған, жатпай-тұрмай жұрт көрегің іздеген қайсар қайраткер жұртының пайдасына жарап, жұрт мақсаты жолында жан аямай күресті. «Қайтсем жұртымның тілегін орындаймын?» деп арпалысқан Алаш ардақтысы жұрт қызметшісі болып, жұртына қалтқысыз қызмет ете жүріп, ақырында жұрт кісіпесі, оның тарих көшіндегі жолына бағыт сілтеп, шамшырақтай жарық сепкен жұрт шырақшысына айналды. Жұрты үшін басын бөлігеге тігіп, ақырында жұрты үшін жанын пидә етті. Сондықтан қазақ жұрты Әлиханды жұрт жақсысы, жұрт азаматы, тұғыры аласармайтын асқар таудай тұлғасы ретінде ерекше құрметтеп, Алаш көсемі деп қадір тұтады. Жұрт қамын жеп, жұртына қызмет ету оның өмірінің мәні болғандықтан, «жұрт» сөзі оның жазғандарынан, бүкіл шығармашылығынан айрықша орын алып, өте жиі қолданылды. Бұл тұрғыдан қарасақ, «жұрт» сөзін жұрт шырақшысының болмысын ашауын, табиғатын танытатын кілт сөздердің бірі ретінде қарауға негіз бар.

Әлихан — «аулаққа шықпай, сыбырлап бүкпай» өз ойын, шындықты жұрт алдында бүкілсіз бетке айтатын, дәлелді, нық сөйлейтін, өте сабырлы, қоғамның бар мәселесін ортаға салып ашық талқылағанды ұнататын өзіне сенімді, алған бетінен жайтпайтын аса табанды, мінезді ер. Ол білімі терең, мәдениет зор, ерқашан әділетке жүгінетін, ісіне берік, халқына адал азамат болумен қатар, сол кезеңдегі Ресейдің ішкі және сыртқы саясаты мен өлемдегі саяси ахуалды жақсы білетін ер саясаткер, ұстанымы тұрғысынан нағыз демократ тұлға еді. Алаш зиялылары осы қасиеті үшін ел-жұртын дұрыс жолға бастайтын саяси көшбасшы ретінде сайлап, алдын көріп, айналасын байқап-бағамдай білетін, не көрсе де, жұртымен бірге көруге дайын ұлт көсемі деп танығандықтан, оның төңірегіне топтасты.

Алаштың текті азаматы мансап қуып, тақты ансап, сол арқылы билік пен байлыққа қол жеткізуді көздеген жоқ. Керісінше жұрты жүктеген жауапкершілікті арқалады.

«Қырағы, қия жазбаса сұңқарым-ай! Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!

Үйілген өлекесім өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына іңкерім-ай!» деп Ахаң жырлағандай, халқын қыр басына шығаруға аянбай қызмет етті. Қолына билік тисе, қара басының пайдасын ойлап, халқының малын жейтін жамандарды жанына жақындатпай, халқының қамын жейтін Алаштың адал ұлдарын айналасына жинады.

Жаны да, ары да, қолы да таза Әлихан ерқашан қасына, ел үшін атқарылатын істің басына білімі таяз, пысықай, пайдақумен, парақор адамдарды жолатпады. «Майданға келіп жігіттерді елпейтін, пара алатын, іске ерішшек переводшодык өуре болмасын!» (Ғали хан. «Доклад»). «Көш бастаған ақсақал аға, зиялы іні, жергілікті жұрт қызметін таза атқар! Жалпы жұртқа мұрындық бол!» (Ғали хан. «Саси халш») деп талап қойып, жөн сілтеді. Мемлекетшіл тұлғаның пысықайлық, пайда-

құнемдік, тазалық пен кәсіби біліктілік туралы осы айтқандары бүгін де еш құнын жойған жоқ десек, артық айтқандық болмайтын сияқты. Қайта өзектілігі арта түскен бе деп қаласың.

Қазір мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің жұрт алдында сөйлейтін сөзін, баяндамаларының мәтінін осы іске маманданған спичрайтер жазады. Өз сөзін өзі жазатын лауазым иесі өте сирек. Сондықтан ондай мәтіндерден саясаткердің шынайы тілдік тұлғасы айқын көрінбейді. Лауазым иелерінің шын болмысы мен тілді білу, оны еркін қолдану, шешен сөйлеу, сөз саптау ерекшеліктерін олардың ел алдында еркін сөйлеген сөздері мен әзірлемесіз, сүфлерсіз ашық сұқбаттары арқылы анықтаған орынды. Әлиханның сөйлеген сөздері мен сұқбаттарының аудио-видео жазбалары қолымызда болмағанымен, оның түрлі мақалалары, ғылыми-танымдық, публицистикалық еңбектері, аудармалары бізге жетті. Ол еңбектерін Әлихан Бөкейхан өз қолымен жазған. Бұл мұрада оның қолының табы, көзінің майынан бөлек, тек өзіне ғана тән авторлық қолтаңбасы, арман-тілегі, күйініш-сүйініші, жан төбіреніс, ұлттық-мәдени таным-түсінігі, ғылыми тұжырымдары мен саяси көзқарасы да керініс тауып, сақталған. Олар сонысымен де өте құнды. Соның сырына терең үңіліп, тарихи тұлғаның ұлт өміріндегі орны мен рөлін тап басып танып, бай мұрасын ел игілігіне жарата білу — әлихантанудың алдындағы зор міндет.

Ұлт ұяты

Әлихан Бөкейханның мағынасына айрықша мән беріп, аса құрмет тұтатын тұлғалары мен қастерлейтін ұғымдарына қатысты қолданатын тағы бір сөз — «ұят». Бұл сөз білімпаз еңбектерінде «жұрт» сөзі сияқты жиі қолданылмағанымен, автор осы «ұят» ұғымына ерекше мәртебе береді. Абай надандықтан болатын ұялу мен шын ұяттың ара-жігін ажыратып:

«Ынсап, ұят, терең ой, Ойлаған жан жоқ, жауып қой» деп ұятсыздықтан түңіледі. Әлихан жұртқа адал қызмет еткен, ардан аттамайтын адамшылығы мол парасатты тұлғалар зор құрметпен қарайды. Бұл Әлиханның ұятты ар, жан тазалығы, адалдық пен намыс ұғымдарымен тығыз байланыста қарайтыны аңғарылады. Ол бұл ұғым жөніндегі ой-тұжырымын тарқатып жазбаса да, сөзі, келтірген мысалы сондай тоқтамға келуге жетелейді. Әлихан пайымы бойынша, адамзаттың, ұлтының, алдындағы азаматтық парызын адал атқарған, арына кір жұқтырмаған, адамгершілік қасиеті зор тұлғалар — ұяттың, ұяттылықтың үлгісі. Ондай тұлғаларды ол өздерін туғызған, солар қызмет еткен ұлттың ұятына балайды. Мәселен, Л.Н.Толстой мен В.Г.Короленконы орыс ұлтының ұяты деп таниды.

Қыр баласы «Ұят-ай» деген мақаласын «Адамзат екі аяқты, сөйлейтін сөзді, ұятты болып өзге хайуаннан айырылады» деп бастай келіп, Л.Толстойдың «Осы XX ғасыр басында үкімет мұхыққа дүре салуды жол қылып шығармақ болғанда, адам баласынан озаң, күн жоғалмаса, аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой «Русские ведомости» газетасына хат жазып, жария қылды. Сол Толстой жазған хаттағы аты «Ұят» еді. Осы хат атын өзге сөзге аударсақ, мағынасы мынау: «Біз адам емес пе едік, ұят біздің белгіміз емес пе еді? Осы жалғыз белгіден айырылып, ана төрт аяғына сиыған аталарымыздың ауылына қайтқанымыз ба?» деген сөзін келтіреді.

Ө.Бөкейхан «Бұл Короленко Лев Николаевич Толстойдан соңғы орыс жұртының бетінің қызылы — ұяты» (Ө.Бөкейхан. «Ашық хат») деп жазады.

Қазақ жұрты, белгілі әлихантанушы-ғалымдар да өзінің дара туған тұлғасына төрден орын беріп, оның ұлт алдындағы тарихи өлбегіне зор баға береді. Көрнекті тарихшы-ғалым, академик М.Қойгелдіев «Алаш көгіндегі күн — Әлихан Бөкейхан» деген атпен жарияланған мақалада «Қазақтың шаңырағынан түскен күндегі болған ер Әлиханды ел мәңгілікке ұмытпайды» дейді. Ресейлік ғалым В.И.Козодой даңқты қазақ перзентіне арналған іргелі зерттеуін «Дәуір-адам» (Алихан Букейханов: человек-эпоха») деп атады. Ғалымдардың Алаш ардақтысының бір өзі бір дәуірге татыған тарихи рөлі мен ұлтпен бірге жасайтын өміршең тұлғасын әділ бағалап, терең зерделей отырып жасаған бұл тоқтамдарына біздің алып-қосарымыз жоқ. Ал Әлиханның кісілік келбеті, адамдық қасиеті туралы айтқанда, замана дауылына қасқайып қарсы тұра білген ер тұлғаны ұлты-мыздың қайсар рухы, өз сөзімен айтқанда, азаматтық арына кір шалдырмаған қазақтың ұяты десек болады.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, ҰРНА АКАДЕМИГІ, филология ғылымының докторы, профессор

Конференция

Ақсу ауылдық округінде ананың қоғамдағы рөлін ұлықтауға, отбасы құндылықтарын дәріптеуге және жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беруге бағытталған «Ана жүрегі – мейірім мекені» атты танымдық конференция өтті. Конференцияға аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев, Ақсу ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы Гүлдаш Тоқпанбетова қатысты.

Ана жүрегі – мейірім мекені



Кездесуде Ақсу ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Гүлдаш Тоқпанбетова аналар кеңесінің атқарған жұмыстары жөнінде баяндап, аналар институтының қоғамдағы маңызына тоқталды. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев және аудандық әкелер кеңесі мен Ақсу ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Алдабергенов аналар кеңесінің атқарған жұмыстарына оң баға беріп, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

Шарада көпбалалы ана Дәмелі Жүсіпова мен еңбеккер ана Сәрсенкүл Қабызова өздерінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, бала тәрбиесі, отбасындағы жауапкершілік пен мейірімнің маңызы жөнінде тағылымды әңгіме өрбітті. Сонымен қатар жастармен сұрақ-жауап форматында еркін пікір алмасу ұйымдастырылды.

Конференция соңында қоғамдық өмірге белсене араласып, отбасы құндылықтарын насихаттауға үлес қосып жүрген бірқатар анаға аудан әкімінің алғыс хаты мен сый-сияпаты табысталды.

«ЖЖ» ақпарат

Су тасқынының алдын алу — ортақ міндет



Су тасқыны табиғи апаттардың ішінде ең қауіпті. Ол көктемгі қардың күрт еруі, несер жаңбыр, өзен-көлдердегі су деңгейінің көтерілуі немесе гидротехникалық құрылыстардың бұзылуы салдарынан орын алуы мүмкін. Су тасқыны адам өміріне, тұрғын үйлерге, жол-көлік инфрақұрылымына және ауыл шаруашылығына үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан оның алдын алу шараларын уақытылы және жүйелі түрде жүргізу аса маңызды.

Су тасқынының алдын алу шаралары

Су тасқынының алдын алу ең алдымен инженерлік және ұйымдастырушылық жұмыстардан басталады. Өзен арналары мен су өткізу каналдарын тазалау, арықтар мен дренаж жүйелерін жөндеу — негізгі алдын алу шарасының бірі. Сонымен қатар бөгеттер мен дамбалардың беріктігін тексеру, әлсіз тұстарын уақытында қалпына келтіру қажет.

Көктем мезгілі қарсаңында қардың қалың жиналған аумақтарын бақылауға алып

4 ДИДАР

Тағзым

Әр өлеңі – бір әлем



Бүгін «Руханият» орталығында Хантәңірінің мұзбалағы, қазақтың аяулы ақыны Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай «Әр өлеңі – бір әлем» атты лирикалық кеш өтті. Шараға Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибісия Аманжолқызы, Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі кітапханашысы Айғаным Ізбасарқызы және кітапхана ардагерлері қатысты.

Бүгін менің туған күнім. Ой, пәлі-ай! Мына адамдар неге жатыр тойламай?! Банкет жасап берер едім өзім-ақ, Тәңірдің бір жарыптай-ақ қойғаны-ай... Тақтайша. Жарты бетін бастыра жапқан мата. Қақ төбеден түскен жарыққа шағылысып тұрған дискеттер. Сарғайған беттері тарамдалған кітап мұқабаларынан жыр жерге емес, бүтін кеңістікте тербеліп тұр. Қаламгер – өлеңді өмірінен бөліп қарамаған, өмірді өлеңге айналдырған ақын. Абайдан басталған асыл арна Мағжанмен тереңдеп, Мұқағалимен халықтың өз үніне айналды. Ол поэзияны биік мінберге емес, қарапайым халықтың жүрегіне қондырды. Сол үшін де оның жыры уақытқа бағынбайды, заманға тозбайды.

– Мұқағали Мақатаевтың әр жыл сайын дөңгелек даталы жасы мемлекеттік, халықаралық деңгейде аталып өтеді. Быыл да қазақ даласын жырымен тербеген аяулы ақынды елі еске алып жатыр. Біз де бүгін өзі дүниеге келген күні ақын рухын жаңғыртқалы отырмыз, –

деді аудандық кітапхана басшысының орынбасары Қуат Адисұлы.

Оның қай шығармасында да ақ пен қараның, махаббат пен зұлымдықтың, адалдық пен надандықтың айқасы бар. Кеште тұғырлы тұлғаның тағдырлы өмір жолы мен өнегелі ғұмыры кеңінен баяндалды. Кітапхана қызметкерлері аңыз ақынның жырларын кезек-кезек оқып, әр шумақтың салмағын, әр жолдың тағдырын сөзіндіре білді. Өлең оқылған сайын уақыт тоқтағандай, сөздің құдіреті алдыңнан шықты. Бұл сәттерде Мұқағали тек ақын ретінде емес, халықтың үмітін жырлаған рухани биіктік ретінде танылды. Оның жыры оқылған жерде жүрек оянып, сана сергиді.

Кештің тереңдігі мен салмағын арттырған тағы бір тағылымды сәт орын алды. Мұқағали рухына арналған бұл басқосуға ақынның көзін көрген, рұхтас досы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ерлан Ібітанов арнайы естелік жолдапты.

Өмірді өлеңге айналдырған ақын бірде оқырманмен сырласа, бірде өзімен сөйлесті. «Мен өмірді жырлау

үшін келгенмін» деген сенім оның әр шумағынан сезіледі. «Поэзия, меніменен егіз бе едің?» деген бір ғана жол ақынның бүкіл болмысын ашып тұрғандай. «Аққулар ұйықтағанда» ана-ның жан айқайы арқылы адамзатты арға шақырса, «Райымбек! Райымбек!» рухтың ұйықтамайтынын дәлелдеді. Мұқағали – Хантәңірінен бастау алып, жолай шөлді суға, тақырды нұға айналдырып, бірде мөлдір бұлақ болып сылдырап, бірде ағынды өзен болып күркіреп, бірде дариядай тынып ағып отырып теңізге келіп құяды. Теңізге құйғанда да тыншымайды, аласұра тұлғайды, таудай толқынымен жағаны ұрады. Бұл жайында өзі:

Кулары: қырдың қызыл түлкісі дер, Момындар: біздің үйдің кірпіші дер. Мәңгілікке өзіммен ала кеткең, Менің нәзік жанымды кім түсінер? – деп жырлайды.

Иә, ол ақынның деп кеуде қақпады, тек өз мұңын, өз сырын ақ қағазға төкті. Мұқағалидің жүздеген өлеңіне сазгерлер ән жазды. Көңіл толқытып, жүрек тебірентер танымал бірнеше туындысы бүгінгі кеште де орындалды.

Бүгінде Мұқағали аңызға айналды. Тіпті бірнеше көркем фильм де түсірілді. Қазақ баласы Мұқағалиды оқиды, жырларын жақта айтады. Алайда бір екінішті, осындай ғажайып ақынның бейне таспалары сақталмапты. Дұрысы, көзі тірісінде жарқырап көрінуге ақынның өзі аса құлықты болмапты. Дегенмен, бір сәтте төрдегі алып экраннан алып тұлғаның бейнесі көрінді. Қоңыр дауысты

үн естілген бойда бүкіл назар сол сәтке аудды. Бұл ақынның өз даусымен таспаланған бейнесі еді. Сол үнмен бірге уақыт кері шегінгендей болып, залға өзгеше салмақ, терең тыныс енгеннен кейін аңғардық.

«Мұқағали өулие еді» дейді кейбір замандастары. Өзі күнделігінің бір бетіне «Мен өлеңді оидан құрастырып жазбаймын. Әлдекім құлағымна сыбылағандай болады. Соны көшіремін, сенесің бе?» деп жазыпты. Тағы бір мысал, «Өмірдастан» атты кітабы жарық көргенде адамға қолтаңбасымен кітабын сыйлаған. Сонда уақытын 27 наурыз, 1976 жыл деп жазыпты. Бір қызығы, дәл сол жылы, сол күні өзі өмірден өтіпті. Сәйкестік, мүмкін тылсым...

Игі шарада мектеп оқушылары да қалыс қалмады. «Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға! Мен болмасам, ...»

Жанындағы ағаш үстінде жай маздап тұрған алау жалыны әр тармақтағы өкпілмен маздай түседі. Сөз ырғағы күшейген сайын, жалын да жырға үн қоса жөнелді.

Бұл кеш – сөздің салтанаты, рухтың оянар сәті. Бұл кеште өлең оқылып қана қойған жоқ, өлеңмен өмір сүрілді. Бұл кеште ақын рухына тағзым етіліп, шығармашылығына терең бойлаған оқырман ақынмен қайта қауышқандай болды. Өйткені Мұқағали – өткеннің естелігі емес, бүгіннің тынысы, ертеңнің рухы.

Гүлжан ЕСЖАН

Литвадағы үйлену тойы

«Өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың басы» деп бастады әңгімесін құрдасым Рүстем. Ол әскерге шақырылып, қызметін Литва ССР Каунас-Клайпеда тасжолының бойындағы орман арасындағы әскери жабық қалашық Кармелова деген жерден бастаған. Қызмет атқарған әскери бөлімі Кеңес одағының қаһарлы қаруы болған стратегиялық мақсаттағы ядролық-ракеталық құрама болатын.

– Біздің бөлім қалашықтан оң, тасжол бойынан бес шақырым қалың орманның арасында орналасқан еді. «Үш күннен кейін тозаққа да үйренесің» дегендей, ауылда екі жыл ескі газик машинасын айдап, есім шығып барған мені «азаматтық өмірде жүргізуші болып істепсің, тәжірибелі жүргізушісің» деп өңім түгілі түсіме де кірмеген, көрмеген әскери МА3-502 ядролық қондырғы орнатылған алып көлікке жүргізуші, монтажшы етіп бұйрық пен отырғызғанда үлкен қобалжуда болып, қорыққаным әлі есімде. «Оқу ойдан артық емес» дегендей, бөлімдегі жауынгерлік құрамның сексен пайызы офицер мен соғысқа қатысқан бұрынғы артелеристер мен ұшқышта, инженерлер екен. Олар бізді әскери және ядролық атом қондырғылары мен жабдықталған он мың шақырым қашықтағы қарсыластар нысанасын 35-40 минутта тас-талқанын шығаратын, жаппай қырып жоятын қаһарлы стратегиялық мақсаттағы ракеталарды ату, күтіп-баптау, сынау жұмыстарына тез үйретті. Біз өзімізге осындай қаһарлы қаруды сеніп тапсырғанына мақтандық, – деді Рүстем.

Құрдасым екінші сыныпта жүргізуші, бірінші сыныпта әскери маман, коммунист, бөлімдегі үлгілі, жауынгер болған еді. Сол кездегі халықаралық жағдайға байланысты стратегиялық мақсаттағы ракета әскерлері №1 дайындық сабына қойылып, офицерлер мен жауынгерлер казармалық жағдайға көшірілген болатын. Жағдай солай болғанмен қатардағы жауынгерлер айына бір рет қалаға бой жазуға жіберіледі.

– Осындай бой жазудан оралған көрші казармада тұратын байланыс бөлімінде қызмет атқаратын қостанайлық Жақсылық екі өзүі екі құлағында, кештетіп маған келді. «Бүгін Ионнова қаласына бой жазуға барған едім. Қайтарда автобустың аялдамасында тұрғанымда бір топ қазақ қыз-жігіттері дабырласып сөйлесіп, автобустан түсіп қала жаққа кетіп бара жатыр. Өз құлағым өзім сенбедім. Елден кеткелі екі жылдан кейін естіген қазақтың сөзінен өзім құтты ауылда жүргендей сезіндім. Уақыттың тығыздығына байланысты автобустан кешіге алмадым. Осы жаңалығымды өзіңе айтайын, олар туралы сен білесің бе?» деп Жақсылық тап бір Американы ашқандай көргенін қайталай берді. Оның бұл жаңалығы ауылды сағынып жүрген мені де ойландырып, жарайды, бізде Ионнова қаласында тұратын келісім-шартпен автомеханик болып қызмет атқаратын Ионас Александревичтен сұрап білейін деп жақсылықтың қызуын зорға бастым.

Ол тұста Кеңес жауынгерлеріне саяси сабақтар жан-жақты, мықты жүргізілетін. Жауынгерлер елдегі саяси оқиғалар мен халқаралық жағдаймен қанық болатын. В.И.Лениннің «коммунизм – елді электендіру» деген қағидасы өзінің өміршеңдігін көрсетіп, ұлы бас-тамаларды жүзеге асырып жатқан кезде Н.С.Хрущев көсемнен қалыспай осы қағидаға «коммунизм – елді электендіру-химияландыру» деп ұран тастады. Оның бұл ұраны көпке дейін өзінің заманында бас-пасөз бетіне жарияланып, жүзеге асырылып жатты.

Жасыратыны жоқ, елді химияландыруға бетбұрыс жасалды. Алып, бүкілодақтық химия өнеркәсібінің құрылысы басталды. Солардың бірі Жамбыл қаласындағы суперфосфат зауытының құрылысы еді. Сондай алып құрылыстың қатарында Литва ССР-ға қарасты Ионнова қаласындағы одақтық құрылысқа айналған химия комбинаты болатын. Ионнова химия комбинаты Балтық жағалауындағы республикалардың ірі өнеркәсіп орны еді. Сондықтан бұл қалаға одақтың түрлі өңірлерінен жастар келе бастады. Біз оны республиканың теледидар, басқа да ақпарат құралдарынан біліп отырдық.

– Менің қызметтесім Ионастан «Ионноваға қазақ жастары келіпті» деген хабардың анығын біліп беруді өтіндім. Ол бұл хабардың шындығын растады. «Отңтүстік Қазақстаннан тәжірибе алмасуға және мамандықтарын жетілдіруге қазақтар келіпті» деп бізді қуантты. Сонымен Жақсылық өкеуіміз жексенбі күні Ионноваға қаласына бардық. Мақсатымыз – химия комбинатына келген қазақтармен танысу. Ол кезде қалаға бой жазуға барған солдаттардың жолы жіңішке болатын. Патруль, әскери кезекші, бір сөзбен айтқанда, тексерушілер көп еді. Комбинаттың жатақханасына барып, комманданттан бір қазақты шақырып, танысуды өтінді. Ол өтінішімізді орындады. Бізбен кездесуге ұзын бойлы, бидай өңді, бізден екі-үш жас үлкендеу жігіт келіп амандасты. Ол біздің әдейі жолығып келгенімізді біліп, үлкендігін танытып «Оо жігіттер, амансындар ма? Қызметтерің қалай өтіп жатыр?» деп елді сағынып жүрген бізді өзіне тарта бастады. Біз де өзімізді таныстырып, кездесуге келгенімізді айтып, мөре-сәре болып әңгілемізді солардың жатақханасында жалғастырдық.

Бұлар Жамбыл қаласындағы суперфосфат зауытындағы жұмыс істейтін, мамандықтарын жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу үшін екі жылға келген бір топ қазақ жастары екен. Арада жарты жыл өтпей Балтық жағалауының ауа райы жақпай, денсаулықтарына байланысты бірқатары еліне қайтып, бес жігіт, үш қыз қалды.

Біздің бұл таныстығымыз жалғаса берді. Кейін олармен бізден басқа сол маңдағы бөлімдердегі қазақ жауынгерлері де танысып барып жүрді. Есімде қалатын бір жетекшісі Шымкенттің химия-технология институтын бітірген инженер-химик Аманжол деген азамат еді. Біздің таныстығымыз достыққа айнала бастады. Жақсылық оларға жиі баруды шығарды. Бірде мынадай жағдай болды. Ол қалаға бой жазуға барғанда, жігіттердің азаматтық киімдерін киіп алып, олармен бірге қаланы еркін аралауды, көңіл көтертін кафе т.б жерлерге баруды шығарған. Осылы тыйардап жүргенде қалада патрульдік кезекшілікте жүрген, өз бөлімшесінің офицер кезекшілері ұстап алып, әскери тәртіп бұзғаны үшін бес тәулік ғұбихтаға отырып шығуына тура келді.

Кеңес одағы кезінде Балтық жағалауындағы республика халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, одақтың басқа республикаларына қарағанда көшілгері болатын. Ол республикалардың өзіндік артықшылығы да болды. Ел соғыссыз азық-түліктің картон-қалық жүйесіне көшірілгенде ол елдің дүкендері азық-түлік пен киім-кешек толып тұрды. Олар Кеңес одағының халқын Батысқа көрсететін этолон елдері болған еді. Сол жылдары бұл республикаларға Орталық Ресейден халық ағылып келе бастады. Ал жаппай орыстандыру саясаты ол елдер жақсы қабылдаған жоқ. Мемлекеттік және іс жүргізу тілі өз ана тілдерінде, ешбір заңды мойындамай қолданыста болды, – деді Рүстем.

Әскердегі өмір өте қызық, бізге әңгіме желісінің үзілмегені керек. Тыңдап отырсақ, айтып отырған ағасының өзі бір тарих. Не керек, құрдасым да әңгімесін әрі жалғасты.

– Қызметіміздің соңын 1965 жылы бастадық, мамыр айы болатын. Аспанмен таласқан орман ішіндегі көкпай шалғында жатып, елге қайтудың жақындап келе жатқанын қиялдап, сырласып отырғанда Жақсылық ағынан жарылып, сырын ақтара бастады.

– Мен Тынышқұлді сүйемін, өзім білесін, біздің танысып, достасып жүргенімізге бір жылдан асты. Достығымыз махаббатқа жалғасып, оның қазір аяғы ауыр. Менің де, оның да әкесі соғысқа жаса болған. Екеуіміз де соғыс жетімдері болып өскен жанбиз. Менің шешем 13 жасымда дүние салды. Мектеп-интернатта жатып оқыдым. Зауытта тоқирлық мамандықты игердім. Тынышқұлдің шешесі ағасының қолында, Жанатас жакта тұратын көріледі. Елде бізді күтіп отырған ағайын да жоқтың қасы. Ойлана келе екеуіміз де осы жатқа, өз-өзімізге көлгенше қалып жұмыс істеуді шештік. Тынышқұл комбинатта комсомол жастар бригадасында үлкен беделге ие екен. Оның үстіне комсомол белсендісі. Осы ойын комбинат басшыларына айтқанда, олар да қуана қарсы алып, тездетіп үйленуін, үй кезегіне тұруын айтып, кеңес беріпті. Ал мен ертең осы жағдайымды айтып, әскери бөлім командиріне рапорт жазамын. Осы ойымды өзімнен бөлісіп отырмын, – деді Жақсылық.

– Сол жылы үшінші қыркүйекте біз әскерден қайтаруға бұйрық шықты. Өзімізді еркін сезіне бастадық. Екеуі де орыс мектебінде оқыған, орыс тіліне жетік, батыл да еркін қимылдайтын жандар еді. Жақсылық бізден бұрын сол айдың соңында әскер қатарынан босап, Ионновадағы химия комбинатына жұмысқа орналасты. Үйлену қамына кірісті. Біз елге кетіп қалмай тұрғанда қазақ жігіттерінің қатысуымен үйлену тойын жасамақшы болды. Ол кезде комсомолдық той өткізу, интернационалдық тәрбие беру кеңестік идеологиялық саясаттың басты мақсаты болатын. Комбинат басшылығының қолдауымен жұмысшылар ахсанасында Жақсылық пен Тынышқұлдің комсомолдық үйлену тойы дүрікер өтті. Біз бір топ қазақ жауынгері тойға қатысып, қазақша өлең айтып, домбыра, гитарамен ән шықрап, тойдың мерейін арттырған едік, – деп Рүстем сол бір қызықты жастық шағын еске алды.

Рысбай КҰРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Оқырман олжасы

Жаңа кітап жарық көрді

Белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі Тұрақ Адисұлының «Сағым жылдар» атты жаңа кітабы жарық көрді. Сырдың бір бүйірін жайлаған Жалағаш ауданында елім деп еңбек еткен нар тұлғалы марғасқа азаматтар баршылық. Солардың қатарында саналы ғұмырын ауданының ауыл шаруашылығына, оның ішінде су шаруашылығына арнаған мұраб Жанұзақ Оспан Тәуекелұлы да бар. Бұл кітапта қайраткер тұлғаның, қарапайым еңбек адамының ғибратты, өнегелі ғұмыры, қызметі баяндалады. Сондай-ақ тың туындыда кешегі ХХ ғасырдың қиын-қыстау күндерінде ғұмыр кешкен, аға ұрпақ, әкелеріміздің қызметі мен өмір жолы қамтылған.

Кітаптың тілі жатық, автор өзінің кейіпкері арқылы сонау қазақ халқының басына келген ашаршылық, тырнақ астынан кір іздеп, көз келгеннен «халық жауын» қолдан жасаған 1937-1938 жылдардағы репрессия зобалаңы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қасіреті, соғыстан кейінгі тұралаған шаруашылықты қалпына келтіру кезеңдерін бейнелейді. Автордың бұл еңбегі сол кезеңдердің күәсі болған аға буын үшін аса маңызды.

Аудандағы су шаруашылығының тарихын өздерінің маңдай терімен жазған алдыңғы аға буын су мамандары Ф.К.Ефремов, Ж.Сақтағанов, С.Қалтаев, М.Ишанбеков, М.Байділдаев, С.Іскендіров, Ж.Тәнібаев, Ж.Ембергенов, Ж.Қожагелдиев, Қ.Жармаханов, Б.Ишанбеков, М.Қалыбаев, И.Жидебаев тағы басқа азаматтардың қызметі де назардан тыс қалмайды. Бүгінге дейін халықтық қызмет етіп келе жатқан қазылған каналдар, тегістелген инженерлік жүйедегі егістіктер, гидротехникалық құрылыстар, Қарақұм, Қызылқұм мал жайылымындағы қазылған құдықтар мен скважиалар осы



азаматтардың еңбектерінің нәтижесі дегуге болады.

Кітапта ауданда атқарылған жұмыстар, игілікті істер мен қиыншылықтар қатар өрілген. Кешегі кеңестік кезең деп аталатын дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдай, сол кезеңнің бізге бимәлім тұстары баяндалады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, қарапайым еңбек адамының биік бітім-болмысы, оның бойындағы туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, достық, адамгершілік, ата-анаға деген адалдық көрініс тапқан.

Оқырман олжасына айналған тың туындыда ауданда еңбек еткен қанша азаматтың аттары аталады. Кітапты оқып отырып, сол дәуірде кезінде қызмет істеп, еңбек еткен әрбір адам кейіпкерлермен бірге жүргендей сезінеді. Автор кейіпкерінің өмір жолын көркем шығарма дәрежесіне жеткізе баяндай отырып, ауданның кешегі ХХ ғасырдағы кеңестік кезеңнің 40-50 жылдық дәуіріндегі ауыл шаруашылығының күретамыры су шаруашылығының даму тарихын баяндай білген. Құнды еңбек оқырманнан

лайықты бағасын алады және кейінгі жастарды туған жерді сүюге, ел үшін еңбек етуге тәрбиелеп, биік арман-мұраттарға бастайды деп сенеміз.

Автордың бұл еңбегі ағамыздың ізін қуып келе жатқан және оның өмір жолының көптеген кезеңінің күәсі болған замандастары үшін де ерекше маңызға ие екені сөзсіз. Оспан Тәуекелұлының өмір жолы бірыңғай даңқыл жол болған жоқ. Ол бүкіл қазақ халқының басына келген ашаршылықтың зардабын, 1937-1938 жылдардағы репрессия зобалаңын, Ұлы Отан соғысының қасіретін, соғыстан кейінгі тұралаған шаруашылықты қалпына келтіру кезеңдерін балалық шағында басынан кешірсе, соғыстан кейінгі елдің жағдайының өте ауыр тұсында, яғни азық-түлік жеткіліксіз, жұрттың үстінен жамаусыз киімнің түспеген кезінде мектепте оқып, жастық шағын өткізді.

Осындай қиыншылыққа қоса ол әкесінен жастай айырылып, шешесінен тірілеп айырылып, қарындасымен екеуі атасының қолында өсті. Екі баланы жетілдіріп, халық қатарына қосу ата-

сына да оңай болған жоқ. Осынша қиын жағдайды басынан өткерген ол мойымады, жастай еңбекке араласа жүріп, шындала түсті, ерте есейді, атасына көмекші бола білді.

Тұрмыстағы қиындық мектепке баруын қатарларынан кейін бастауға мәжбүр етті. Қаракеткен стансасындағы жеті жылдық мектепте оқыды. Кітаптың басты кейіпкері Қаракеткеннен сегіз шақырымдай жердегі «Байсақалдан» күнде жаяу қатынап білім алған. Бұғанасы қатпаған жас баланың аптаның алты күнінде өрліберлі ор алты шақырым жерді жеті жыл бойы жаяу жүріп өтуінің оңай болмағаны түсінікті. Оған қоса қолы босаған бойда ауылындағы қамыс зауытындағы атасына көмектесіп, еңбек етті.

Ол Қаракеткендегі жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін білімін өркімнің үйінде жатып, аудан орталығы Жалағаштағы мектепте жалғастырып, орта білім алады. Қандай қиыншылықты бастан көшсе де оқудан қол үзген емес. Оқудың ізінен қалмай жүріп, әуелі арнаулы орта оқу орнында оқып, кейін жоғары оқу орнын тәмамдап, су шаруашылығының инженері мамандығын меңгереді.

Атпал азамат аудандағы су шаруашылығының алғашқы инженерлерінің бірі болды. Саналы өмірін осы салаға арнап, абыройлы еңбек етіп, бас инженерлік дәрежеге дейін көтерілді. «Сағым жылдар» атты еңбекте Оспан Тәуекелұлы өмірінің ең қиын кездері жастық шағын, одан кейінгі білім алған, белсенді еңбек еткен жылдарын автор шынайы да, көркем суреттеген. Бұл туындының бұрын жарық көріп жүрген осындай өмірбаяндық естеліктерден ерекшелігін байқау қиын емес. Сондықтан бұл еңбекті тек бір адамның ғұмыры деп қарау қисынсыз болар. Бір сөзбен айтқанда, автор кейіпкердің өнегелі өмір жолын ескеңең ұрпаққа есiet ете отырып, аудан тарихын толық қамтыған.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №228

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ